

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты М.Е. Нургалиеваның дайындаған «Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.Б. Сматованың

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» жолдауындағы болашақ ұлтымыздың біліктілігі мен ғылыми пайымдамасы қоғам сұранысына сәйкес келуін талап етеді. Нақтылып айтсақ, әрбір студент кредиттік технологияны өзінің болашақ кәсіби құзыретіне пайда келтіретіндей дәрежеде қолданым табуына бағдар жасауына қызмет атқаруы көзделеді.

«Педагог мәртебесі» туралы заңында әрбір ұстаз-оқытушы өзінің ой-пікірін ашық білдіруге; оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық негізделген нысандарын, құралдарын, тәсілдерін тандауға және қолдануға; білім алушылардың оқу жетістіктерін нақты бағалау үшін әдістерді ұтымды пайдалана білу секілді құқықтары нұсқалы тұрғыда жүзеге асу үшін, жолдары оқу орындарында білім алушылардың ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетудің бірден-бір жолы кредиттік технологияны тиімді пайдалану екені белгілі. Осы орайда, ғұлама Әл-Фарабидің мынадай ұлағатты тұжырымы бізге өнеге: «Адамдардың сұранымы – олардың кемшілігі емес, үздіксіз өркендеуінің белгісі».

Аталған тұжырымнан М.Е. Нургалиева қарастырып отырған зерттеу жұмысының көкейкестілігі күмән келтірмейді.

Ізденушінің тақырып тандаудағы әдіснамалық ұстанымы, қарастырып отырған нысанына қатысты қайшылықтарды саралауы, болжамын құруы, одан міндеттерін түзуі, жаңалықтардың феномендігін айқындауы диссертацияға қойылатын ережелерге сәйкес екені анықталды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында ізденуші Нургалиева Муршида Елубаевнатөмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

бірінші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыруды оқу үдерісінде қамтамасыз ететін студенттердің өздік жұмысының мәні мен мазмұны теориялық тұрғыда негізделген;

екінші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінің мақсаты мен құрылымы сараланған;

үшінші ғылыми нәтиже – студенттердің өздік жұмыстарын нәтижеге бағдарлаудың педагогикалық шарттары құрылған;

төртінші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру моделі әзірленген;

бесінші ғылыми нәтиже – жоғары мектептің қазіргі білім беру үдерісінде студенттердің өздік жұмысын өркендету факторлары анықталған;

алтыншы ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты дамытудың әдістемесі жасалынып, оның тиімділігі эксперименттен өткізілген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің СӨЖ-ын ресурстармен қамтамасыз ету педагогикалық-психологиялық еңбектеріне талдау жасау арқылы нақтылау, оларға берілген негізгі тұжырымдарды жүйелеу және ғылыми мәселе ретінде қарастырумен дәлелденеді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің логикалық ойлау тапсырмаларын студенттердің танымдық қызығушылықтары мен ізденімпаздық қабілеттеріне, логикалық ойлау қажетсінулеріне қарай топтап іріктеуімен ерекшеленеді. Алынған ғылыми тұжырымдар, демек нәтижелер, зерттеудің теориялық мазмұнын толықтырады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші тарапынан студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыруда оқытушылардың кәсібилік деңгейін тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеруден өткізіп, тәжірибеге ендіруімен дәлелденеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші тарапынан студенттердің ғылыми-зерттеу және ізденушілік-логикалық жұмыстарының пәндік мақсаттарға бағыттталып, құндылық бағдарының болуын педагогикалық білім ретінде жүйелеумен дәлелденді.

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденуші тарапынан студенттердің өздік іс-әрекетін үздіксіз уәждемелік қамтамасыз етуімен дәлелденеді.

Алтыншы ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы «Көшбасшылық психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Студенттердің интеллектуалды әлеуеті» блогын енгізуі тәжірибелік-эксперимент арқылы тексеруден өткізіп, тәжірибеге ендіруімен дәлелденеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Ғылыми зерттеу жұмысы барысында М.Е. Нургалиева төмендегідей жаңа, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі рецензияланатын жұмыста қазіргі заманғы отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарына егжей-тегжейлі шолу келтірілген,

соның негізінде студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысының мәні мен мазмұны ашылып, теориялық тұрғыдан негізделген.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, ізденуші зерттеу мәселелеріне қатысты әдістемелік, педагогикалық, психологиялық, философиялық және қоғамдық-гуманитарлық әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде «әлеует», «интеллектуалды әлеует» ұғымдарының анықтамасы, олардың мәндік және мағыналық сипаттамасы берілген; студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінің мақсаты мен құрылымы сараланған.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарын нәтижеге бағдарлаудың педагогикалық шарттары (СӨЖ-ын ресурстармен қамтамасыз ету; логикалық ойлау тапсырмаларын студенттердің танымдық қызығушылықтары мен ізденімпаздық қабілеттеріне, логикалық ойлау қажетсінулеріне қарай топтап іріктеу; студенттердің ғылыми-зерттеу және ізденушілік-логикалық жұмыстарының пәндік мақсаттарға бағытталып, құндылық бағдарының болуы) негізделіп, дәлелденіп, тәжірибеге енгізілген.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа, өйткені, студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың теориялық моделінің мақсатты, ақпараттық-мазмұндық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, бақылау-бағалау компоненттері арқылы жүзеге асырылуы зерттеу мақсатына жетуге ықпал ететіндігімен дәйектелген;

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, жоғары мектептің қазіргі білім беру үдерісінде студенттердің өздік жұмысын дамыту факторлары (студенттердің өздік жұмысының көкейкестілігі; студенттердің өздік жұмысы мазмұнының интеграциясы; студенттердің өздік жұмысын зерттеушілік іс-әрекетке бағдарлау; студенттердің өздік жұмысын компьютерлендіру; студенттердің өздік жұмысының жеке бағыты; студенттердің өздік жұмысы мазмұнының акмеологиялылығы; студенттердің өздік жұмысының уәждемелік және тиімділік жақтарына тұтастық беру) анықталған;

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа, себебі, теориялық және эксперименттік зерттеу арқылы шетелдік және отандық тәжірибе негізінде студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты дамытудың әдістемесі жасалынып және оның тиімділігі тәжірибеден өткізілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ізденушінің зерттеуіндегі алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелілігі айқын, сондай-ақ зерттеу жұмысының бөлімдері дәйекті түрде бір-бірімен ұштасып, қойылған зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындай түседі. Ізденушінің ғылыми зерттеуінің бөлімдері өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырылып жазылған. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте сипатталып нақты тұжырымдармен баяндалған. Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып статистикалық көрсеткіштермен тексерілген. Ізденуші М.Е.Нургалиеваның тұжырымдамалары, ұсыныстары

педагогика-психология ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан қомақты үлесі деп тұжырымдауға болады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогиканың теориялық мәселелері мен оқыту әдістемесі үшін теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды болып саналады. Диссертациялық жұмыста бірінші рет студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары қарастырылып, оның ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, білім берудің мазмұны жүйеленген. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды ұстаздар қауымы мен педагог-мамандардың біліктілігін арттыруға және педагогика, психология мамандығына қатысты жоғары оқу орындарының студенттері үшін пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама.

Ізденушінің зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Краматорск, 2017; Павлодар, 2017; Болгария, 2018; Япония, 2018; Беларусь, 2018; Павлодар, 2018; Павлодар, 2019) – 7 жарияланым; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ Хабаршысы»; Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясы) – 5 жарияланым; нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналда ақпараттық базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала (Венесуэла, 2018) – 1 жарияланым; 1– Әдістемелік ұсыныстар; 1– Электрондық оқу құралы ұсынылған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Ізденушінің ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. Кредиттік технологиямен оқыту үдерісінде тірек көзі ретінде белгілі бір заңдылыққа негізделсе, осы диссертациялық жұмыстың құндылығы бұдан да арта түсер еді.

2. Кредиттік технологияға қосымша қызмет ететін білім берудің инновациялық амалдары жеткіліксіз берілген.

3. Диссертацияның мәтінінде кейбір стилистикалық және орфографиялық қателіктер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген ескертпелер зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Автор алдына қойған міндеттердің шешімін толық таба білген.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға ұсынылып отырған М. Нургалиеваның PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ғылым және практика талабына сай келуімен бағаланады. Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде ұсынылып отырған диссертацияның маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен қорғауға ұсынылады. Ал оның авторы, Нургалиева Муршида Елубаевна 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайық деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Ресми рецензент:
педагогика ғылымдарының
кандидаты, Тараз мемлекеттік
педагогикалық университетінің
«Педагогика және практикалық
психология» кафедрасының доценті**



К.Б. Сматова

